

Сарықобда селолық округіне қарасты елді мекендерге көше атауын беру туралы

Ақтөбе облысы Алға ауданы Сарықобда ауылдық округінің әкімі 2009 жылғы 11 мамырдағы № 1 шешімі. Ақтөбе облысының Алға аудандық әділет басқармасында 2009 жылдың 18 маусымда № 3-3-83 тіркелді

Ескерту. Шешімнің деректемелерінде және бүкіл мәтіні бойынша "селолық" сөзі " ауылдық" сөзімен ауыстырылды - Ақтөбе облысы Алға ауданы Сарықобда ауылдық округі әкімінің 18.07.2019 № 10 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес және Сарықобда, Болгарка ауылдары халқының пікірін ескере отырып, Сарықобда ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Алға ауданы Сарықобда ауылдық округі әкімінің 18.07.2019 № 10 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Сарықобда ауылдық округіне қарасты төмендегі елді мекендерге көше атаулары берілсін.

Сарықобда ауылының көшелеріне:

№ 1 көшеге Әлия Молдағұлова,

№ 2 көшеге Жастар,

№ 3 көшеге Орталық

Болгарка ауылының көшелеріне:

№ 1 көшеге Кердері Әбубәкір

№ 2 көшеге Орталық

№ 3 көшеге Жұмысшы

№ 4 көшеге Қарымсақ Теңізбаев

№ 5 көшеге Достық

№ 6 көшеге Желтоқсан

№ 7 көшеге Тәуелсіздік

№ 8 көшеге Жағалау

№ 9 көшеге Ерлік

№ 10 көшеге Жастар

№ 11 көшеге Наурыз

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сарықобда ауылдық округінің әкімі

Н. Жариков

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК